"Жан-Айниет" бөбекжай балабақшасы"жеке мекемесі

Әдістемелік кеңес №3 Хаттамасы

Күні:

Қатысқандар:
Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру.
2. .Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар

3.. Ағымдағы мәселелер

Бірінші мәселе бойынша Тыңдалды: Балабақша әдіскері Кальжанова Маржан Қайратқызы Жаңа 2025 жыл Жылан жылымен құтықтай отырып Жарты жылдыққта жоспар бойынша жұмыстар орындалғанын айта келе Мерекелік іс-шараларды балалардың жас ерекшеліктеріне сай әзірлеу қажеттігі айтылды. Ұлттық және халықаралық мерекелерді қамти отырып, балаларды тәрбиелік және танымдық тұрғыдан дамытуға арналған сценарийлер талқыланды. Балалар мен ата-аналардың мерекелерге қатысуын белсенді ету жолдары ұсынылды. Балалардың эмоционалдық қатысуын арттыру үшін мерекелерді ойын түрінде ұйымдастыру қажеттілігі талқыланды.Ұлттық мәдениетті насихаттайтын шаралардың мәні айтылды.

Екінші мәселе бойыншаМектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша әдіскер *Кальжанова Маржан Қайратқызы* **талқылауды ұсынды.**
Талқылау: Әр топтағы оқу процесінің тиімділігін бағалау үшін жүйелі түрде мониторинг жүргізудің маңыздылығы атап өтілді.Балалардың білім деңгейін, дағдыларын, тәртіптік көрсеткіштерін тексерудің әдістемелері талқыланды. Мониторинг нәтижелерін ата-аналармен бөлісу жолдары ұсынылды.Әр айдың соңында оқу процесінің сапасын бағалау туралы ақпарат ұсынылды.Мониторингтің негізгі бағыттары: сөйлеуді дамыту, математикалық түсініктер, экологиялық тәрбиелеу, шығармашылық қабілеттерді атап көрсетті. Мониторинг нәтижелері негізінде түзету жұмыстары жүргізу алдағы уақытта қолғаалудың жолдары талқыланды.

Үшінші мәселе Ағымдағы мәселелер:

Қаралғаны:Балабақша аумағының тазалығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі туралы басшы атап өтті. Жабдықтарды жаңарту және балаларға қажетті оқу құралдарын толықтыру туралы шаруашылық

меңгерушісіне ескерту айтылды. Қыс мезгілінде балаларды серуендеуге шығару үшін ауланы жақсылап тазарту қажет екендігі айтылды. Топтарды қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету үшін қосымша қаржы бөлінетіндігін айтып өтті. Әдіскерге Қауіпсіздік шаралары бойынша қызметкерлер мен балаларға тренингтер өткізу туралы айтылды.

Жиналыс төрайымы: **М.К.Кальжанова**

Хатшы: **Л.А.Сұлтанбердиева**